

## Таратылған Жол қорының негізгі борышын өтеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 27 ақпан N 209

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысы 9-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Таратылған Жол қорының негізгі борышын өтеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3            ж ы л ғ ы            2 7            а қ п а н д а ғ ы

N            2 0 9            қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Таратылған Жол қорының негізгі борышын өтеу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тауарларды ( жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) жеткізушілердің немесе олардың құқықтық муратерлерінің (бұдан әрі - Жеткізуші) алдында, қуралған әрі 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген, сондай-ақ "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "Қазақавтожол" РМК) және оның облыстық филиалдары сот актілері бойынша жеткізушілерге төлеген "Қазақавтожол" РМК-ның теңгерімінде есепке алынған, таратылған Жол қорының негізгі борышын (бұдан әрі - борыш) өтеу тәртібін айқындайды. < \* >

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.12.25.*

N            1 3 2 1            қ а у л ы с ы м е н

2. Борышты өтеу "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңында осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

### 2. Борышты өтеу үшін құжаттарды дайындау және ұсыну

3. Жеткізуші "Қазақавтожол" РМК облыстық филиалдарына (бұдан әрі - Филиалдар )            5            данада            нотариалды            куәландырылған:

1) 1998-2002 жылдардағы бухгалтерлік теңгерімнің қосымшаларымен бірге

көшірмесін, Жеткізуші қайта ұйымдастырылған жағдайда табыстау актісін немесе бөлу теңгерімін, сондай-ақ оның мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігін. Бұл ретте бухгалтерлік теңгерім көшірмелерінде салық органдарының олардың бұрын ұсынылған теңгерімдерге сәйкестігін растайтын белгісі болуы тиіс;

2) 1998-2002 жылдардағы N 6 журнал-ордердің көшірмесін;

3) 654 "Жол қорымен есеп айырысу" шоты бойынша дебиторлық берешегінің және кредиторлық берешегінің сомасын растайтын 1998-2002 жылдардағы бас кітаптан ү з і н д і н і ұ с ы н а д ы .

"Қазақавтожол" РМК-нің Алматы қаласы бойынша таратылған филиалына қойылатын талаптар бойынша Жеткізуші көрсетілген құжаттарды "Қазақавтожол" Р М К - г е ұ с ы н а д ы .

4. Филиалдар әрбір Жеткізушімен 1-қосымшаға сәйкес салыстыру актісін жасайды. Тиісті Филиалдың жеткізушілер алдындағы борышының жалпы сомасы тиісті Филиалдың осы Филиал бойынша таратылған Жол қорының берешегін 1999-2002 жылдарда өтегенін шегере отырып, 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісті Филиалдың жылдық бухгалтерлік есептілігінде көрсетілген борыштың с о м а с ы н а н а с п а у ы т и і с .

5. Филиалдар "Қазақавтожол" РМК-ге 5 данада, тиісті Филиалдың басшысы, бас бухгалтері қол қойған және оның мөрімен куәландырылған:

1) жеткізушілермен жасасқан шарттардың көшірмелерін;

2) салыстыру актілерінің түпнұсқаларын;

3) 2-қосымшаға сәйкес борышты өтейтін тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) жеткізушілердің тізілімін (бұдан әрі - Жеткізушілердің тізілімін);

4) Жеткізушілер бөлінісінде борышты ажырата отырып Филиалдың 1998-2002 жылдардағы бухгалтерлік теңгерімінің көшірмесін;

5) Филиалдың және Жеткізушінің 1998-2002 жылдардағы N 6 ордер - журналының к ө ш і р м е с і н ;

6) Жеткізушінің 1998-2002 жылдардағы бухгалтерлік теңгерімінің қосымшалармен бірге көшірмесін, Жеткізуші қайта ұйымдастырылған жағдайда табыстау актісін не бөлісу теңгерімін, сондай-ақ оның мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігін. Бұл ретте бухгалтерлік теңгерім көшірмелерінде салық органдарының, олардың бұрын ұсынылған теңгерімдерге сәйкестігін растайтын белгісі болуы тиіс;

7) Филиалдың 1998-2002 жылдардағы бас кітабынан борыш сомасын растайтын нотариалды куәландырылған көшірмені және 654 "Жол қорымен есеп айырысу" шоты бойынша дебиторлық берешегінің және кредиторлық берешегінің сомасын растайтын Жеткізушінің 1998-2002 жылдардағы бас кітабынан көшірмені.

Бұл ретте басшы және бас бухгалтер ұсынылған құжаттардың растығы үшін дербес ж а у а п т ы б о л а д ы .

8) 3-қосымшаға сәйкес 2003 жылғы 1 қаңтарға дейін күшіне енген сот актілері

бойынша борышы өтелген жеткізушілердің тізілімін;

9) "Қазақавтожол" РМК-ның және филиалдарын есеп айырысу шоттарынан таратылған Жол қорының міндеттемелері бойынша кредиторлық берешекті өндіріп алу туралы 2003 жылғы 1 қаңтарға дейін күшіне енген сот актілерінің көшірмелерін;

10) негізгі борышты және ол бойынша шығындарды өндіріп алуды растайтын мынадай құжаттарды:

жеткізушілермен жасалған шарттардың көшірмелерін;  
жеткізушілер бөлінісінде борышты ажырата отырып, борышты өндіріп алуға дейінгі және одан кейінгі филиалдың бухгалтерлік теңгерімінің көшірмесін;

негізгі борышты өндіріп алуға дейінгі және одан кейінгі филиалдың N 6 ордер журналының көшірмесін;

негізгі борышты өндіріп алуға дейінгі және одан кейінгі филиалдың бас кітабынан нотариалды түрде куәландырылған үзіндіні;

2003 жылғы 1 қаңтарға дейін орындалған төлем және инкассалық тапсырмаларды. < \* >

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.25. N 1321 қаулысымен*

6. "Қазақавтожол" РМК Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитетіне (бұдан әрі - Комитет) 4 данада "Қазақавтожол" РМК-нің мөрімен расталған, басшысы мен бас бухгалтері қол қойған мыналарды ұсынады:

1) осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды; <\*>

2) көшірмелер: Жеткізушінің бухгалтерлік қосымшаларымен бірге, РМК "Қазақавтожол" жиынтық бухгалтерлік теңгерімнің жеткізушілер бөлінісінде борышты ажырата отырып Филиалдардың 1998-2002 жылдардағы бухгалтерлік теңгерімінің, сондай-ақ жеткізуші қайта ұйымдастырылған жағдайда табыстау актісіне бөлу теңгерімін, оның мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігін, құру және қайта ұйымдастыру кезінде "Қазақавтожол" РМК және олардың Филиалдарының табыстау актілерін.

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.25. N 1321 қаулысымен*

7. Комитет "Қазақавтожол" РМК ұсынған құжаттарды тексергеннен кейін осы Ереженің 6-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің бекітуіне 2-қосымшаға сәйкес Жеткізушілердің тізілімін 4 данада жібереді.

### **3. Борышты өтеу бойынша есеп айырысуды жүргізу тәртібі**

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне өзіне бөлінген бюджет қаражатын Комитетке қайта бөлетін "Өткен жылдардың міндеттемелерін орындау" республикалық бюджеттік бағдарламасын іске асыруға қаражат бөледі.

9. Комитет "Қазақавтожол" РМК-ның, оның Филиалдарының және Комитеттің басшылары мен бас бухгалтерлері қол қойған, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бекіткен, ұсынылған инкассалық өкімдер болмаған кезде өз бюджеттік шотынан "Қазақавтожол" РМК-нің есеп айырысу шотына ақша аударады.

Бұл ретте Комитет төлем тапсырмаларына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында қалатын Жеткізушінің бекітілген тізілімін ұсынады.

10. "Қазақавтожол" РМК жеткізуші алдындағы борышты өз есеп айырысу шотынан тиісті Жеткізушінің есеп айырысу шотына ақша аудару жолымен өтейді.

#### 4. Бақылау және жауапкершілік

11. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақавтожол" РМК есеп айырысу шотына ақша есептеу бойынша да, жеткізушілердің шоттарына бір мезгілде ақша аудару бойынша да аудару операцияларын өткізуіне бақылауды қамтамасыз етеді.

12. Комитет, "Қазақавтожол" РМК, Филиалдар, Жеткізуші расталмаған және көрінеу жалған мәліметтер бергені үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапты болады.

Ережеге 1-қосымша

Салыстыру актісі

2003 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласы

Біз, төменде қол қоюшылар \_\_\_\_\_

(РМК-ның обл.филиалы басшысының және бас бухгалтерінің Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ бір жағынан және

\_\_\_\_\_ екінші жағынан

(жеткізушінің басшысы мен бас бухгалтерінің Т.А.Ә.)

1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орындалған жұмыстарға өзара есеп айырысуды және 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген борыштарды салыстырудың осы актісін жасадық.

Борыш мынаны құрайды:

т е н г е

Жазбаның мазмұны		"Қазақавтожол"	
		РМК-ның	
		Жеткізуші	
		облыстық	
		филиалы	

Негізгі борыш

2003.01.01.-ға алғандағы барлық сальдо

Өзара есеп айырысуды салыстыру нәтижесінде "Қазақавтожол" РМК-ның \_\_\_\_\_

облыстық филиалының

борышы \_\_\_\_\_

(сомасы цифрмен және жазбаша теңгемен көрсетіледі)

соманы құрайтыны анықталды.

Тараптардың заңды мекен-жайы:

А т а у ы

А т а у ы

С Т Н

С Т Н

Банк деректемелері

Банк деректемелері

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

(бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.)

(бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.)

М.О.

М.О.

Е р е ж е г е

2-қосымша

сомасындағы тізілімі бекітемін

(қолы) (Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар  
министрлігінің басшысы)

2003 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Б о р ы ш т ы

ө т е й т і н

т а у а р л а р

(жұмыстар,

қызметтер

көрсету)

жеткізушілердің

ТІЗІЛІМІ

2003

ж ы л ғ ы

" \_\_\_ "

-----

p/c	Жеткізушінің атауы	Орналасқан жері	Негізгі борыш
N			сомасы (теңге)

1	2	3	4
---	---	---	---

Осы тізілімге қоса беріледі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

"Қазақавтожол" РМК-ның филиалы Комитет

\_\_\_\_\_ (басшының қолы, Т.А.Ә.) (басшының қолы, Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.) (бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.)

М.О. М.О.

"Қ а з а қ а в т о ж о л "

Р М К

-----  
(басшының қолы, Т.А.Ә.)

-----  
(бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.)

М . О . Е р е ж е г е

3 - қ о с ы м ш а

-----  
с о м а д а ғ ы т і з і л і м д і  
б е к і т е м і н

-----  
( қ о л ы ) ( Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы К ө л і к  
ж әне к о м м у н и к а ц и я л а р  
м и н и с т р л і г і н і ң б а с ш ы с ы )

\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

*Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.25. N 1321 қаулысымен .*

**2003 жылғы 1 қаңтарға дейін күшіне енген сот актілері бойынша борышы өтелген жеткізушілердің тізілімі**

2003 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Р/с N | Жеткізушінің атауы | Орналасқан орны | Сот шешімі бойынша  
| | | өндіріліп алынатын  
| | | сома (теңге)

Б а р л ы ғ ы

Мыналар осы тізілімге қоса беріледі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

"Қазақавтожол" РМК-ның филиалы \_\_\_\_\_ Комитет

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(басшының Т.А.Ә., қолы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(басшының Т.А.Ә., қолы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(бас бухгалтердің Т.А.Ә., қолы)

м.о.

м.о.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(бас бухгалтердің Т.А.Ә., қолы)

"Қазақавтожол"

РМК-ның

филиалы

-----  
(басшының Т.А.Ә., қолы)

-----  
(бас бухгалтердің Т.А.Ә., қолы)

м . о .